

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 207 – 210

UDC 821. 512. 122. 09: 398

S. AKKOZHAYEV'S VERSION OF EPIC "ALPAMYS BATYR" AND ITS TEXTUAL STUDY

K.B. Alpysbayeva

M.O. Auezov Institute of Literature and Art
alpysbaeva-k@mail.ru

Key words: folklore, storyteller, collector, version, epic, textual study, edition, heroic epic, original.

Abstract: The academic insight is focused on the epic "Alpamys Batyr" which is the oldest and highly artistic heroic epics which survived till nowadays. The basic idea is the clan unity. It glorifies the deeds of people, who are committed to harmony among various clans.

The research object of our study is the historical analysis of the epic version of "Alpamys Batyr" created by Sultan Akkozhayev.

Methodology includes textual, comparative-historical methods, method of document study and bibliographic information. It can be of help for undergraduate students, Master students and independent researchers.

The studies of the Soviet period on this topic had obvious shortcomings.

On gaining independence there emerged some adequate understanding of the history of the Kazakh people with the opportunity of in-depth research and objective evaluation of many aspects of history of literature, including national heritage, which was not possible under the totalitarian system with its ideological and political priorities.

In 2004 at the initiative of the President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev as a result of government resolution in the framework of a comprehensive State program "Cultural Heritage", the M.O.Auezov Institute of literature and art published a series of scientific publications "Babalar sozi" which includes one hundred volumes. The spiritual heritage of the Kazakhs in its original form was restored.

ӘОЖ 821. 512. 122. 09: 398

«АЛПАМЫС БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ С. АҚҚОЖАЕВ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

Қ.Б. Алпысбаева

M.O. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

Тұйін сөздер: фольклор, жыршы, жинаушы, нұсқа, жыр, текстология, басылым, батырлық жыр, түпнұсқа.

Аннотация. Ұлттық фольклорныңдың бай мазмұнды жанрларының бірі – батырлар жыры. Солардың ішінен «Алпамыс батыр» жырына тоқталар болсак, ол – казак халқының ерте замандардан жеткен аса көркем батырлық жырларының бірі. Жырдың негізгі идеясы – ру бірлігін сақтаудан туған. Сондыктan да жырда ру бірлігін көзделген, әр рудың арасында татулық болуын максат еткен адамдар іс-әрекеттері ардасталады.

Жырдагы бас кейіпкер – Алпамыс. Жыршылар оны ру бірлігін сақтауда, руга камқор болуда жасаган ерлігін мадақтаپ, ел-жүртін сүйген шын батыр ретінде суреттейді. Жыр «ру арасында бірлік болса, елдік бар» екенін аңғартады.

Еңбегіміздің зерттеу нысанасы ретінде «Алпамыс батыр» жырының Сұлтан Аққожаев жыраган нұсқасының жиналу тарихы мен текстологиялық ерекшелігі талданады. Жұмыстың әдістемесін текстологиялық, салыстырмалы-тарихи, күжаттанулық, деректемелі библиографиялық зерттеулер әдісі құрады. Жұмыстың нәтижесін жогары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға және әдебиеттанушы мамандарға пайдалануға болады.

Кеңес Одағы кезінде жарық көрген жогарыда аталған тұындылардың көбі мысалда көрсетілгендей біраз кемпіліктермен жарық көрді.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып, мүмкіндіктер туттанин кейін қазақ халқының тарихын зерделеу жөнінде жаңа көзқарастар туын қана қойған жоқ, сонымен қатар ұзак жылдар бойы тоталитарлық жүйеге орай тек, саяси және таптық түрғыда талдау жасалып, теріс бағаланып келген әдебиет тарихының қоғатеген мәселелері, соның ішінде халық мұрасының жан-жақты зерттеліп, әділ бағалануына қолайлы жағдайлар туғызыды.

Ал 2004 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен үкімет Қаулысы нәтижесінде «Мәдени мұра» кешенді Мемлекеттік бағдарламасы аясында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

«Бабалар сөзі» сериясы ғылыми басылымының жүзтомдығын жарыққа шыгарды. Қазактың рухани мұрасы ешбір өзгеріссіз, бастапқы қалпында қалып жүртпышында қайтарылып, ғылыми айналымға енді.

«Алпамыс батыр» жырының Майкөт Сандыбаевтың нұсқасын Сыр бойының белгілі ақыны Желеу Жақыпұлы (1909-1970) 1948 жылы осы облыста тұратын 80 жастағы Сұлтанбек Аққожаевтың айтуынан жазып алғып, 1953 жылы Тіл және әдебиет институтына тапсырыған.

Сұлтанбек бұл жырды XIX ғасырдың аяқ кезінде Майкөт ақыннан естін, жаттап алған. Майкөт – Қазақстанның Оңтүстік шығыс болігінде аты әйгілі, эпикалық жырлардың шебері болған ірі ақын. Аққожаев Сұлтанбек (1872-1963) Ақмола ғуберниясындағы Құланөтпес өзені бойында туып, жас кезінде экесімен бірге Түркістан маңайы Қаратай өніріне көшкен. Сол жерде өсін, өнген.

Жас кезінен-ақ өлеңге, жалпы өнерге үйір болған Аққожаев Сұлтанбек Құлыншак, Молда Мұса, Майлышқожа, Майкөт сиякты атақты ақын, жыршылардан көптеген жыр-дастандарды үйренін, өз репертуарына енгізген.

Аққожаев Сұлтанбек – қазақтың әйгілі жырларын шебер орындаушы, насихаттаушы. Ақын «Алпамыс», «Қобыланды», «Қызы Жібек», «Шора батыр», «Болат, Жанат» т.б. жырлардың нәшине келтіріп жырлаған [1, 28].

Желеу Созақ ауданында туып-өсікен. Жас кезінен-ақ айтыстарға қатысып, ел көзіне түсे бастанған. 1943 жылы «Халық ақыны» деңен атақта ие болады. Ол Оңтүстік Қазақстан облысынан халық әдебиеті үлгілерін көп жинаған. Жақып қолжазбаларының арасынан «Удостоверение дано ақыну Южно Каазахстанской области Жакипову Желеу в том, что ему поручается собирание образцов устного народного творчества среди населения Южно-Казахстанской области» деп жазылып, сол кездегі Тіл және әдебиет институтының (1960) орынбасары М. Базарбаев кол қойған құжат кездеседі. Бұдан біз Желеудің ауыз әдебиеті үлгілерін тұракты түрде жинап, корға тапсырып отырғанын көреміз. Жақыпов Желеу жинаған материалдар Қазан төңкерісіне дейінгі ауыз әдебиеті үлгілері мен Кенес дәүіріндегі халық шығармаларынан құралған. «Алпамыс батыр» жырының бұл варианты тор көзді дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған. Машинаға басылған көшірмесі де бірге тіркелген.

Ақын Желеу жазып алған Майкөт, Сұлтанқұл нұсқасы бірде өлеңмен төғілтін, бірде қарасөзben баяндайды. Бұл – «Алпамыс батыр» жырының ішіндегі ең толығы. Жыр негізінен 7-8 буынды өлшеуге құрылған.

Осы нұсқа ең алғаш рет 1957 жылы жеке кітапша болып шықты. 1958 жылы Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өтетін онкүндігіне орай қазақ және орыс тілінде қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шыққан «Қазақ эпосы» деп аталағын кітапта және 1959 жылы «Батырлар жыры» атты жинақта басылым көрді.

Аталған жыр мәтіні одан кейін 1961 жылы шыққан «Алпамыс батыр» жырының ғылыми басылымында жарияланды. Осы мәтін 1963, 1968, 1977, 1986 жылдары ешбір өзгеріссіз тағы да басылған шықты.

Бұдан кейін аталған жыр мәтіні түпнұсқа негізінде 2006 жылы «Бабалар сөзі» ғылыми сериясының 34-томында жарияланды. Түпнұсқа ӘӘИ-дің қолжазбалар қорында (50-бума.) сақтаулы. «Алпамыс батыр» жырының Ж.Шайхысыламұлы бастырып шығарған (1899) мәтіні мен С.Аққожаев нұсқасын салыстырып қараганымызда, олардың мазмұны ұқсас екенін көреміз. Екі нұсқада да Байбөрінің баласы Алпамыс ғажайып жағдайға дүниеге келеді, ол жедел ержетеді. Қалыңдығы Гүлбаршының іздеп шығады, еліне келгенде Тайшық ханының жасаған озбырлығын есітіп, қалмақ еліне екінші рет аттанады; жауын женіп, еліне келін, Үлтан құлды жасаған қиянатына орай жазалайды. Елін мұратына жеткізеді.

Аталған нұсқалардың екеуінде де «Алпамыс батыр» жырының негізгі сюжеттік желісі түғел сакталған. Жырдағы жағымды және жағымсыз кейіпкерлерге берілген мінездемелер де бірдей т.б.

Қазан басылымына қарағанда (1889), Сұлтан Аққожаев нұсқасының төмендегідей эпизодтық және стильтік айырмашылыктары бар екенін көреміз:

Жусінбек қожа нұсқасындағы қарасөзben баяндалатын ауызша әңгімеге ұқсайтын жерлері Сұлтан орындаған жырда кеңірек суреттелін өлеңмен берілғен. Мысалы, Жусінбек нұсқасындағы Байбөрі мен Аналықтың Алла Тағаладан бала тілеп, әулиелерге түнеп жалбарыны, Шашты Әзиздің Байбөріге келін Алпамыс пен Қарлығаш атты балалары болатынын айтатын тұсы қарасөзben қысқаша баяндалса, ал Сұлтанқұл нұсқасында бұл эпизод кең таратылып, өлеңмен айтылады:

- Ей, бейшара, көзінді аш,
- Ұлыңың аты – Алпамыс,
- Қызыңың аты – Қарлығаш.
- Атса мылтық өтпейді,
- Шапса қылыш кеспейді.
- Түреғел де қолың жай,
- Болады өзі өмір жас...

Жырда қазақ халқының әдел-ғұрпы, халық тұрмысы кең суреттелген. Сарыбайдың қалмақ еліне көшін кету эпизодына едуір орын беріледі. Батырдың қалыңдығына үйлену жайы кең түрде сипатталады. Гүлбаршының ішкі жан сыры мен адамғершілік қасиетін көрсетуғе көбірек көніл болғанғен. Аталған нұсқада Ж.Шайхысламұлы версиясына қарағанда әр оқиғаны барынша әсерлі, көркем әрі кеңірек баяндайды.

Сұлтанқұл нұсқасының тағы бір ерекшелігі жыр оқиғасын дамытуда, адам образдарын жасауда жыршы әсірелеу, ғипербola, теңеу, макал-мәтеддер, диалоғ, монологты мол пайдаланған.

Осы екі нұсқаны салыстыра зерттеу нәтижесінде Сұлтанқұл ақын Жүсіпбек бастырган «Алпамыс батыр» жырын жетік білғен. Сол нұсқаны негізге ала отырып, жырдың ұтымды жерлерін сактап, қара сөзді өлеңге айналдыра өз сөзімен құбылта жырлаған деп санаймыз.

С.Ақкожаев нұсқасы тіл көркемдігі жағынан да шебер жырланғаны аңғарылады. Мәтінде аздаған араб, парсы, татар т.б. тілдерден енғен сөздер кездескенімен тілі таза, ұғымды.

Сонымен «Алпамыс батыр» жырының қай нұсқасын алсақ та, жырдың негізгі идеясы ру бірлігін сактаудан туған, оларда өзара соғыстарды тоқтату мен қонырат руының, тағы басқа рулардың ынтымағы, бірлігі жайындағы әңғіме кең орын алады. Жыршы-ақындар Алпамысты ел-жүртін, халқын сүйген патриот ұл, шын батыр етіп жырлайды.

Алайда, Кеңестік дәуірде жарияланған фольклорлық мәтіндердің көбісі саяси-идеологиялық катан цензуралық бақылаудың салдарынан әдейі жасалған қасакана мәтіндік қыскарту, редакциялық түзетулерге ұшырады. Қеңтеген фольклорлық шығармалардың мәтіндері ішінәра бұрмаланса, кейбіреулерінің сөздері, тіпті, тұтас сөйлемдер мен шумақтары ауыстырылып, ерескел өзгертулермен, түзетілген күйінде жарыққа шықты. Баспа редакторлары, әдетте, мәтіндерге көркем өңдеулер де жасап отырды.

Мысалы, Сұлтанқұл Ақкожаев жырлаған нұсқаға тоқталар болсақ, жыр мәтіні алғаш рет 1957 жылы жеке кітапша болып шықты [1]. 1958 жылы Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өтетін онкүндігіне орай қазақ және орыс тілінде қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шықкан «Қазақ эпосы» деп аталағын кітапта және 1959 жылы «Батырлар жыры» атты жинақта басылым көрді [2].

Аталған жыр мәтіні одан кейін 1961жылы шықкан «Алпамыс батыр» жырының ғылыми басылымында жарияланды. Осы мәтіп 1963, 1968, 1977, 1986 жылдары ешбір өзгеріссіз тағы да басылып шықты.

«Алпамыс батыр» жырының 1957, 1959, 1961, 1986 жылдары басылған мәтіндерін ӘФИ-дін қолжазбалар қорында сақтаулы (50-бума, 2-дәп.) түпнұсқамен салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізенде, өкінішке орай аталған жинақтарда кейбір кемшіліктер кеткені анықталды:

1. Жырдың қара сөзбен баяндалған тұстарында кейбір сөйлемдер қалып кеткен. Мысалы, Жәдігердің көкпарға тартқалы жатқанда, баланың жіғіттерге жалынып айтатын өлеңінен кейін келетін, яғни Құлтай бабаның келіп Жәдігердің сұрайтын тұсында бір-екі сөйлем қысқартылып кеткен. Айтқан ойымыз дәлелді болу үшін 1957, 1959, 1961, 1986 жылдардағы басылымдардан үзінді берелік (187-б; 250-б; 88-б; 170-б):

Онда Алтамыстың қадірін білетіндер келіп, әрқайсысын бір ұрып қуалап жібереді. Жәдігер кісенімен шапқылат қозыға қарай жөнеледі. Бір жерден алған кісен кесіп жүре алмай, зарлай отырса, Құлтай бабасы тақымында көкбары бар, сонда келеді. Өзі Жәдігерді ізден жүріп, Жәдігерге келіп тұрып, Жәдігерден: «Шырагым, балам, Жәдігерді көрдің бе?» деп сұрап тұрғаны.

Түпнұсқада дәл осы үзінді былай беріледі (36-б.):

Онда Алтамыстың қадірін білетіндер келіп, әрқайсысын бір ұрып қуалап жібереді. Жәдігер кісенімен шапқылат қозыға қарай жөнеледі. Бір жерден аяғын кісен кесіп жүре алмай, зарлай отырса, Құлтай бабасы тақымында көкбары бар, сонда келеді. Өзі Жәдігерді ізден жүріп, Жәдігерге келіп тұрып, Жәдігерден: «Шырагым, балам, Жәдігерді көрдің бе?» деп сұрап тұрғаны еді.

Бұл жерде түпнұсқадағы асты сызылған сөйлемдер жоғарыда аталған басылымдарда түсін қалған. Бұл – халық прозасының тілі. Басылымда халық прозасына тән сөз мәнері, сөйлем құрылышы өзгертилғен. Сол себепті сөйлемдер арасындағы кейбір үндестіктер жойылған. 2. Емлелік қателер өте көп кеткен.

Кеңес Одағы кезінде жарық көрғен жоғарыда аталған туындылардың көбі мысалда көрсетілгендей біраз кешіліктермен жарық көрді.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып, мүмкіндіктер туғаннан кейін қазақ халқының тарихын зерделеу жөнінде жаңа көзқарастар туып қана қойған жоқ, сонымен қатар ұзак жылдар бойы тоталитарлық жүйеге орай тек, саяси және таптық тұрғыда талдау жасалып, теріс бағаланып келген әдебиет тарихының көптеғен мәселелері, сонын ішінде халық мұрасының жан-жақты зерттеліп, әділ бағалануына қолайлы жағдайлар туғызды.

Ал 2004 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен үкімет Қаулысы нәтижесінде «Мәдени мұра» кешенді Мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Осы орайда «Мәдени мұра» бағдарламасы – мәдениетке деғен мемлекеттік көзқарастың стратегиялық ұстанымын айқындаған жоба болды. Ол жаңадан қалыптасып жатқан қазақстандық қауымдастықтың әлеусті мен гуманистік бағыт-бағдарын танытты. Сол жылдан бері әлем деңгейіндегі бірката жаңалықтар ашылып, дүниежүзілік мұрағаттары мен кітап корларынан қазақ халқының тарихындағы көптеғен оқиғалардың сырын ашатын бұрын беймәлім жағба дереккөздер қайтарылып, ғылыми айналымға енді. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы Тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы аса маңызды әрі өз уақытында іске асырылған шара болды. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – халқымыздың өскелен рухани-мәдени сұранысын қанағаттандыру болды. Осыған байланысты мамандарға қазақ фольклорының бар байлығын жарқыраты шығарып, қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дастыруін зерделеудің тұтастай жүйесін жасау міндетtelен болатын. Осы жағдайда ескеріп бағдарлама аясында жер-жерде тарыдай шашылған фольклорлық мұраларына зерттеулер жүргізіліп оларды ғылыми неғізде қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізіп, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бабалар сөзі» сериясы ғылыми

басылымының жүзтомдығын жарыққа шығарды [3]. Қазактың рухани мұрасы ешбір өзгеріссіз, бастапқы қалпында қалың жұртшылыққа қайтарылып, ғылыми айналымға енді.

Міне, осындағы асыл мұраларымыздың баспа бетін көрүі көптеген рухани қазыналарымызды халық иғілігіне жаратуға, болашақ ұрапқа мұра етіп қалдыруға мүмкіндік туғызыдь.

Ал рухани-мәдени таным арқылы, тарихи сана неғізінде патриоттық сезім, отаншылдық рух қалыптасатыны белгілі. Әсіресе, бұл мұралар бүгінгі және келешек «Мәңгілік ел» жастарын отаншылдық рухта тәрбиелеуде мемлекеттік идеологияның темірказығы болуы тиіс.

Үлттық фольклорымыздың бай мазмұнды жаңрларының бірі – батырлар жыры. Батырлық жырларда халықтың сан ғасырлар бойына жинаған рухани мұрасы, үлттық дүниетанымы, саяси көзқарасы, тарихи оқигалар мен тұлғаларға берген бағасы катар сакталып жеткен. Сол себепті батырлық жырларды халықтың рухани көлбетінің бір айнасы деп санауға болады. Батырлық жырларда қазақ руханиятына қатысты көркемдік танымдар мен қатар ұлт пен мемлекеттік қалыптасуы мен дамуы жайында көп деректер сакталған. Соңдықтан халық шығармашылығының, оның ішінде батырлық жырлардың деректілік маңызы мен бірге гибраттық, эстетикалық мәні де зор.

«Бабалар сөзі» сериясы бойынша шыққан жүзтомдықтың екі (33-34) томын «Алпамыс батыр» жырлары құрайды. Сол томның құрамында С.Аққожаев жылаған нұсқа да бар. «Алпамыс батыр» жырының бүрүн баспа бетін көрғен варианты сол кездің саяси-қоғамдық талаптарына орай мәтіндік өңдеу, редакция жүргізілгенде жасырын емес. Бұған қоса ілкі жинактарда түсіп қалған, яки қолжазбадан қате оқылған жыр жолдары мен жекелеген сөздер түпнұсқа бойынша түзетіліп, мәтіндер бастапқы қалпына келтірілді.

ӘДЕБІЕТТЕР

- [1] Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. – Алматы, 1975. – 348 б.
- [2] Алпамыс батыр. 3-кітап. / Құрастырган: Смирнова Н.С. – Алматы, 1957. – 360 б.
- [3] Батырлар жыры. – Алматы, 1959. – 379 б.
- [4] Бабалар сөзі. 1–100-томдар. – Астана: Фолиант, 2004 -2013.

REFERENCES

- [1] Scientific description of Kazakh manuscripts, 1975, 348 (in Kaz.).
- [2] Alpamys batyr. 3rd book. / Compiler: Smirnova N.S., 1957, 360 (in Kaz.).
- [3] Heroic epic, 1959, 379 [in Kaz.].
- [4] Babalar sozi, 100 V., 2004 – 2013, (in Kaz.).

УДК 821. 512. 122. 09: 398

ВЕРСИЯ С. АККОЖАЕВА ЭПОСА «АЛПАМЫС БАТЫР» И ЕГО ТЕКСТОЛОГИЯ

К.Б.Алпысбаева

Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова

Ключевые слова: фольклор, сказитель, собиратель, версия, эпос, текстология, издание, героический эпос, оригинал

Аннотация. Один из жанров нашего национального фольклора с богатейшим содержанием – это героический эпос. Среди них остановимся на эпосе «Алпамыс батыр». Он является одним из древнейших казахских высокохудожественных героических эпосов, дошедших до наших дней. Основная идея эпоса появилась как идея сохранения единства рода. Следовательно, эпос прославляет поступки людей, нацеленные на единение рода, на сохранение согласия между различными родами.

В качестве объекта исследования нашего труда анализируется история сокращения версии эпоса «Алпамыс батыр» в исполнении Султана Аккожаева и его текстологические особенности. Методологию работы составляют текстологический, сравнительно-исторический методы, метод документологии и библиографической информации. Результаты работы могут использовать студенты, магистранты и литературоведы высших учебных заведений.

Большинство вышеназванных произведений, опубликованных в советские годы, были изданы с некоторыми недостатками, примеры которых указаны.

После обретения Казахстаном независимости появились не только новые взгляды осмысления истории казахского народа, но и появилась возможность всестороннего изучения и объективной оценки многих вопросов истории литературы, в том числе народного наследия, которые в течении многих лет в соответствии с идеологией тоталитарной системы получали негативную оценку, были проанализированы только с политической и классовой точки зрения.

А в 2004 году по инициативе Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева в результате постановления Правительства в рамках комплексной государственной программы «Культурное наследие» Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова издал серию научного издания «Бабалар сөзі» из ста томов. Духовное наследие казахов без всяких изменений, в изначальном виде возвращено широкой публике и введено в научный оборот

Поступила 25.04.2016 г.